

*А. А. Абуталиева,*

*тілдік дайындық кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты,  
полиция капитаны (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **Тіл, сөйлеу, стиль, мәтін, дискурс: түсінік қатынасы**

Тіл — тарихи қалыптасқан, қоғамдасқан, белгілі бір нәсілге жататын, бір географиялық аймақты мекендейтін қандас адамдар қоғамының, яғни ұлыстың, халықтың және ұлттың ойды жарыққа шығару, қарым-қатынас жасау құралы және мұрасы. Сонымен қатар тілге тән ортақ тілдік дыбыстар, сөздік қор және грамматикалық құрылымының бірлігі болу керек.

Әдеби тіл — жалпы халықтық тілдің белгілі жүйеге түскен, жазу дәстүрі мен әртүрлі жаз-ба және ауызша әдебиеттің негізінде қалыптасқан тұрақты, орныққан қалыптары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті.

Сөйлеу — адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, адамның психикалық қабілетіне, қоғамдағы пікір алмасу тәжірибесіне сүйенеді. Сөйлеу мен тіл бір емес. Егер тіл қарым-қатынас құралы болып табылса, сөйлеу сол құралдың нақты қолданыста кәрінетін түрі болып табылады. Сөйлеу тілі — күнделікті қарым-қатынаста пайдаланатын әдеби тілдің бір түрі. Сөйлеу тілі белгілі бір жағдайда ауызба-ауыз тікелей жалғанатын қатынас тілі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты болады. Стиль терминінің кең мағынасы — сөйлеу мәнерін білдіріп келсе, тар мағынасы — жеке шығарманың немесе жазушы шығармашылығының тілдік ерекшелігі. Стиль суреткердің қол-таңбасын анықтаумен қатар, сөз әнеріндегі кәркемдік әдіс-тәсілдерді, әдебиеттің бағыт-бағ-дарын ажыратады.

Мәтін — бұл жалпы бір тақырып тәңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды, мәнді сөйлемдердің тізбегі.

Дискурс — тілдік коммуникация түрі. Дискурс дегеніміз — уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, кәзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, дискурс деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады.

Дискурс — сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына талдау беретін ұғым.

Дискурс ұғымы арқылы қандай да бір тікелей оқырманға не тыңдаушыға бағытталған концепция (ғылыми, философиялық) белгіленеді. Дискурс адамдардың сөйлеу арқылы жасаған қарым-қатынасынан кейін ғана мағынасы болады, яғни мағынасы мен белгісін, сөз бен ойдың бірлігін айқындайды.

Осы тұрғыдан келгенде, ғылыми мазмұнда жазылған материалдарды ғылыми дискурс деп тануға болады.

Дискурстың элементтері — баяндалатын оқиға, оған қатысушылар, оқиғаның негізгі фон-ны, оқиғаны айтушының (қатысушының) жазушының бағалауы, ақпаратты жеткізу жолындағы тілдік құралдарды пайдалану тәсілдері. Бұл — тіл үнемі қозғалыста болып, коммуниканттардың (айтушы мен қабылдаушының) тарихи кезеңге қатысы тұрғысынан дербес, әзіне тән сипаттары, сондай-ақ әлеуметтік ерекшеліктері айқын кәрініп отыратын тіл ағыны. Дискурс — экстарлингвистикалық факторларды (әлем туралы білім, кәзқарас, айтушының мақсаты мен бағыты) қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс. Дискурста коммуникативтік ситуация мен интеракцияға қатысушылар және тілдік материалдар тоғысып жатады. Дискурс — кәпдеңгейлі үдеріс, ол айтушының вербалды мінез-құлқы (дауыс ырғағы, интонация, паузаларға бәлуі), кинессикалық мінез-құлқы (ым-ишара) сияқты деңгейлерді қамтиды.

Әдеби тілдің жүйелік сипат алып, тұрақты нормаланып қалыптасуында, сұрыпталып, икемделіп, жетіле түсуінде, жанрлық-стильдік тармақтарының қалыптасып, дамуында жазба әдебиеттің алатын орны ерекше. Бірақ әдеби тіл деген ұғымды, бір жағынан, тек жазба әдебиетпен байланыстырып, жазба тілмен балама деп тану, екінші жағынан, әдеби тіл тарихын сол халықтың қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени тарихынан бәліп алып, соның нәтижесінде жазуы болмаған я кеш дамыған халықтың, бай ауыз әдебиеті, ауызша тарап келген әр жанрдағы халықтық әдебиеті болса да, әдеби тілі жоқ, я болмаса кеш қалыптасқан деген үзілді-кесілді пікір айту шындыққа жанасымды бола бермейді. Әдеби тіл тек жазба әде-

биет негізінде ғана қалыптасып, дамып қоймайды, бұл процесте, мысалы, қазақтың шешен-дік сөздерінің, ақын-жыраулар шығармашылығының, айтыс ақындарының, лиро-эпикалық, батырлар жырларының, жалпы ауызша әдебиет түрлерінің де өз орындары бар.